

ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ МЕН ДАМУЫ САТЫЛАРЫ

Абуханова А.Б.¹, Онбырбаева Д.Т.²

¹ Педагогика магистрі, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

² Аға әдіскер, "Алматы облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі

E-mail: agar-80@mail.ru, diana.onbyrbaeva.71@mail.ru

Қазіргі педагогтар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін педагог үздіксіз ізденісте, кәсіби білікті болуы тиіс. Ол үшін орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсібиілігін жетілдіру мен дамыту жүйесін құру қажет.

Мақалада, педагогтардың белгілі бір санатқа сәйкестігін анықтайтын біліктілігі мен кәсіби шеберліктерінің деңгейлерін көтеру, оған қойылатын талаптар қарастырылады. Осы мәселе бойынша жалпы орта білім беру мекемелері қызметкерлерін аттестаттау, педагогтардың кәсіби біліктілік деңгейлерін анықтау жұмыстарының нәтижелері талданданып, өзектілігі дәлелденеді

Тірек сөздер: Кәсіби даму, педагогтың кәсібиілігі, кәсіби қалыптасу кезеңдері, аттестаттау, біліктілік санаттары.

Задача перед современными педагогами: формирование компетентной личности, способной работать на основе мировых стандартов, обладающей глубокими знаниями, деловыми и способными мыслить в соответствии с уровнем развития науки и техники. Для работы в соответствии с такими требованиями педагог должен быть профессионально квалифицированным, в непрерывном поиске. Для этого необходимо создать систему совершенствования и развития профессионализма педагогов в условиях обновления содержания среднего образования.

В статье рассматриваются требования, предъявляемые к повышению уровня квалификации и профессионального мастерства педагогов, определяющие их соответствие определенной категории. Проанализированы результаты работы по аттестации работников учреждений общего среднего образования, определению уровня профессиональных квалификаций педагогов по данному вопросу, доказана актуальность.

Ключевые слова: профессиональное развитие, профессионализм педагога, этапы профессионального становления, аттестация, квалификационные категории.

The task for modern teachers is to form a competent personality capable of working on the basis of world standards, possessing deep knowledge, businesslike and able to think in accordance with the level of development of science and technology. To work in accordance with such requirements, the teacher must be professionally qualified, in continuous search. To do this, it is necessary to create a system for improving and developing the professionalism of teachers in the conditions of updating the content of secondary education.

The article considers the requirements for improving the level of qualification and professional skills of teachers, which determine their compliance with a certain category. On this issue, the results of work on certification of employees of general secondary education institutions,

determining the level of professional qualifications of teachers are analyzed and their relevance is confirmed

Keywords: *professional development, teacher's professionalism, stages of professional formation, certification, qualification categories.*

Педагог өзгерісті жүзеге асыруда негізгі тұлға болғандықтан орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтың кәсібилігі мен функционалдық сауаттылықтарына сапалы жаңа талаптар қойылуда. Қазақстандық мектептерді жаңартудың тиімділігі оның болып жатқан инновациялық үрдістердің негізгі идеяларын түсіну деңгейіне, оның осы өзгерістерді жүзеге асыруға дайындығына байланысты. Бұл жағдайда педагогтың өзін-өзі дамытуда және біліктілігін арттыру жүйесінде жауапкершілігі артады.

Жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарын педагог түсінбей, оқыту технологиясындағы жаңа мақсаттар мен міндеттерді, оқытудағы функционалдық сауаттылыққа бағытталған тәсілдерді ескере отырып, бағалаудың жаңа формаларын іске асыру іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан, педагог жаңартылған жалпы орта білім берудің МЖМБС (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары) әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға, білім беру үрдісінің бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етілуін, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдістерін өзгертуге дайын болуы керек.

Кез-келген мемлекеттегі білім беру жүйесінің жетістігі педагогтың дайындық сапасына және маман ретінде одан әрі кәсіби өсуіне және шығармашылық дамуына байланысты. Сондықтан, бүгінгі сандық технология қарқынды дамыған өзгермелі қоғамда педагогтың кәсіби қалыптасуы мен дамуын жетілдіру үшін мектеп, аудан, облыс және республика көлемінде ауқымында үздіксіз білім беру, біліктілікті жетілдіру, өзара тәжірибе алмасу жүзеге асырылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту, қазіргі дәуірдің әлеуметтік – мәдени сын-тегеуріндеріне сәйкес келетін педагогикалық ойлаудың жаңа түріне бағдарлану - бұл педагог тұлғасының қалыптасуының кәсіби сипаттамасында көрініс табуы тиіс. Әр педагогтың өмірінде кәсіби даму маңызды орын алады.

Кәсіби даму - бұл адамның шексіз даму мүмкіндігін болжайтын ұзақ, көпжылдық, іс жүзінде жүретін шексіз үрдіс. Ол әртүрлі мақсаттармен байланысты және педагогикалық қызметтің кезеңдерінде әртүрлі мазмұнға ие.

«Педагогтың кәсіби қалыптасуы» түсінігінің шығу тегі «*қалыптасу*», «*тұлғаның қалыптасуы*» ұғымдарымен тығыз байланысты. Көптеген ғалымдар «*қалыптасу*» және «*даму*» түсініктерін анықтаған немесе ішінара бір-бірінен көрініс табуға тырысады. Сонымен, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «*қалыптасу*» даму үрдісінде бір нәрсенің пайда болуы, қалыптасуы ретінде анықталады.

Психология-педагогика ғалымдары педагогтың кәсіби-тұлғалық астарын жеке тұлғалық және іскерлік қасиеттерін *кәсіби құзыреттілік* ретінде қарастырады [1]. Көптеген жариялымдарда педагогтың кәсіби қалыптасуы кәсібилікке ұмтылыстың пайда болуы мен қалыптасуынан бастап кәсіби жұмыста жеке тұлғаны толық жүзеге асыруға дейінгі өзара байланысты уақытша кезеңдердің тізбегі ретінде қарастырылады (Е.А. Климов, Л. М. Митина, Э. Ф. Зеер және т. б.) [2]. Сонымен, Е.А. Климов кәсіби қалыптасудың келесі кезеңдерін анықтайды: кәсіби жолдағы жақын қадамдар жоспарында көрсетілген кәсіби өзін-өзі анықтау нәтижесі болып табылатын *оптация* кезеңі (кәсіптік оқыту формасын, оқу орнын таңдау) [3].

Қабылдау кезеңі мамандықты игерумен, белгілі бір салада жоғары білім алуымен сипатталады ;

Интернал фазасы. Педагогтың кәсіби міндеттерін табысты орындауымен, яғни функционалдық сауаттылық құрамына кіретін дағдыларды игеруімен сипатталады.

Шеберлік фазасы алдыңғы кезеңнің сипаттамаларымен қатар педагог белгілі бір ерекше қасиеттермен, дағдылармен немесе жан-жақтылығымен, кәсіби салада кең

бағдарлануымен, кәсіби іс-әрекетінде өзіндік стилінің болуымен, тұрақты оң нәтижелермен ерекшеленетінін болжайды.

Беделділік кезеңі педагогтың кәсіби шеңберінде және одан басқа жерлерде танымал болуымен байланысты. Ол үлкен тәжірибе арқылы өндірістік міндеттерді сәтті шешеді.

Тәлімгерлік кезеңі педагогтың өз тәжірибесін қабылдауға дайын әріптестерінің қатарынан ізбасарлары бар екендігімен сипатталады.

Э. Ф. Зеер кәсіби білім беруді зерттеуде оның қалыптасуының келесі кезеңдерін анықтайды:

- *бірінші* мамандықты саналы таңдауды анықтайтын кәсіби *тілектерінің қалыптасу кезеңі*;

- *екінші кәсіби дайындық кезеңі* - кәсіби білім, білік, дағды жүйесін дамыту, әлеуметтік маңызды және кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру;

- *үшінші кәсібилену кезеңі* - мамандыққа бейімделу, кәсіби өзін — өзі анықтау, кәсіби тәжірибе алу, кәсіби қызметтік білікті орындау үшін қажетті жеке қасиеттерді дамыту;

- *төртінші шеберлік кезеңі* - кәсіби қызметті сапалы, шығармашылық орындау [4].

Ғалымдар педагогтың кәсіби дамуы көбінесе, кәсіби өмірдің тез өзгертін жағдайында таңдау жасау қабілетін қамтамасыз ететін кәсіби және жеке өзін-өзі анықтау мәдениетіне байланысты екенін дұрыс айтады. Сонымен қатар, педагогтың жетекші жеке қасиеттерінің ішінде құзіреттілік, өз ісін білу, бастамашылдық, инновациялық өзгерістерге дайындық маңызды болып табылады.

Кәсіби қалыптасу үрдісінде маңызды сәт - бұл алдағы әрекеттерді бағдарлауы және әр педагогтың осы қадамды жасау үшін қажетті білім, дағдылар мен әдістерді игеруі.

Педагогтың кәсібилігі өзара байланысқан және бірін-бірі толықтыратын бірнеше негізгі құрамдас бөліктерді қамтиды. Солардың ішіндегі ең өзектілері:

- *білім беру және тәрбиелеу технологиялары, құрылымы мен мазмұны, заңдылықтары* туралы жаңа білім алу үшін *педагогикалық құбылыстарды, дәйектерді* зерттеудің ғылыми әдістерін меңгеруді қамтитын *зерттеу құзыреттілігі*;

- *өзінің және білім алушылардың қызметін басқару әдістерін, тәсілдерін* меңгеруді көздейтін *басқару құзыреттілігі*;

- педагогтың кәсібилігін үздіксіз жетілдіру, жеке және қоғамдық өмірде дамытуға мүмкіндік беретін *білім беру құзыреттілігі*;

- қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды игеру, олардың күші мен әлсіздігін, қолданылу аясын түсіну, алынған ақпаратқа сыни көзқарасты дамытуда маңызды рөл атқаратын *ақпараттық құзыреттілік*.

Кәсібилік кәсіби қызметтің жоғары стандарты ретінде, ең алдымен, қызметтің тұрақтылығы мен тиімділігінде көрінеді және жеке қызмет стилімен байланысты. Кәсіби біліктіліктің іс-тәжірибемен, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен технологияларын меңгеру іс жүзінде пайдалануына қарай кәсібиліктің даму кезеңдері бірнеше жастық кезеңдерге бөлінеді (1-кесте).

1-кесте. Педагогтардың кәсібиігінің қалыптасуы мен дамуының жастық кезеңдері

Сатыла ры	Еңбек өтілдері	Сипаттамасы
I	1-2 жыл істеген жұмысты жаңа бастаған педагогтар	Олар сыртқы ережелерге, үлгілерге, ұсыныстарға бағытталған мінез-құлқымен ерекшеленеді. тәжірибесінің аздығына байланысты сәтсіздік немесе қателік жасаудан қорқу байқалады.

II	2-5 жыл жұмыс істеген жас мамандар,	Оқу үрдісінің маңызды сипаттамаларын екінші деңгейлерден ажырату қиын; нақты педагогикалық жағдайды құрайтын құрамдас бөліктерді бөліп алуға, оларды педагогикалық және психологиялық талдауға тырысады
III	5-10 жыл жұмыс істеген тәжірибелі педагогтар	«Педагогикалық құзыреттілік» кезеңі. Өз іс-әрекетін өзбетінше ұйымдастыру және жоспарлау мүмкіндігі бар. Күтпеген педагогикалық жағдайларды өз бетімен оңтайлы шешу дағдылары тән.
IV	10-20жыл жұмыс істеген Кәсіби мамандар	«Кәсіби шеберлік» кезеңі. Педагогикалық шындықты тұтас, жүйелі түрде көре білу, педагогикалық тәжірибенің біршама маңызды элементтерін жіктеуге тән қабілеттілік .
V	20 жылдан артық жұмыс істеген сарапшылар	Өз іс-әрекеттерінде жедел шешім қабылдайды күрделі тұтас педагогикалық жағдайларды шешуге, интуитивті түсінуге бейім. Олар сыртқы көріністердің астында, тереңде жатқан себептерді көре алады. Білім алушылардың қандайда бір мінез-құлықтық әрекеттерінің әлеуметтік-психологиялық мотивтерін құрылымдауға қабілетті

Бүгінгі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби қызметінің жеке қабілетін дамыту үшін жағдай жасауды негіздейтін, мамандардың шығармашылық ізденісі мен кәсіби-тұлғалық дамуын ынталандыратын, педагогтардың кәсіби қызметін бағалаудың перспективалық тәсілдерін, технологияларын, жүйелерін бекітуге ықпал ететін үрдіс *аттестаттау* болып табылады. Ол мектеп мұғалімдерінің белгілі бір санатқа сәйкестігін анықтайтын біліктілігі мен кәсіби шеберліктерінің деңгейлерін көтеруді ынталандыратын құрал болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту талаптарына сәйкес педагогтардың кәсібилігінің біліктілік санаттары еңбек өтіліне, біліктілік талаптарының бағалау өлшемдері мен индикаторлары мен ережелерге сәйкес педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдарға «Педагог», «Педагог-модератор», «Педагог-сарапшы», «Педагог-зерттеуші», «Шебер педагог» біліктілік санаты беріледі [5].


Аттестаттау нәтижелері бойынша жалпы орта білім беретін мекемелердің педагог мамандарының белгілі бір біліктілік санаттарына сәйкестігін бағалау, жаңартылған білім мазмұнының, өзгермелі ақпараттық қоғамның талаптарына жауап беретін жеті өлшемді қамтиды. Оларға *білім алушылардың оқу сапасы, біліктілікті арттыру курстарынан өтуі, инновациялық білім беру технологияларын енгізуі жетістіктері, қызметінің нәтижелерін тарату, педагогтың кәсіби жетістіктері* жатады .

Қазіргі кезеңде Қазақстанда аттестаттаудың екі түрі бар: міндетті және ерікті. Біріншісі - мемлекеттің талабы бойынша педагог қызметкерлердің білімі мен кәсіби біліктілігін тікелей тексеру арқылы жүзеге асырылады. Комиссия педагогтың қабілеттілігінің деңгейін анықтайды. Аттестаттау тәртібі, кәсіби дамудан сәтті өту үшін педагогта әр түрлі инновацияларға сәйкес келетін жеткілікті маңызды әдістемелік материалдар базасы болуы керек. Жалпыға міндетті орта білім беру стандарты мен спиральды жүйеге негізделген жаңа үлгілік оқу бағдарламаларын терең меңгеру үшін тәжірибелі педагогтардың да өз білімдері мен кәсіби шеберліктерін үздіксіз дамытуды қажет етеді.

2017 - 2021 жылдар аралығында жүргізілген эксперименттік зерттеулер барысында Талдықорған қаласындағы жалпы орта білім беру мекемелері қызметкерлерін аттестаттау қорытындыларына талдау жасап, педагогтардың кәсіби біліктілік деңгейлерін анықтау жұмыстарын жүргіздік.

Алматы облыстық білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімінің білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының мәліметтеріне жасалған

талдаулар 2017-2021 жылдар аралығында аттестаттаудан өткен мектеп мұғалімдерінің басым бөлігін педагогтар, педагог-модераторлар мен педагог сарапшылар құрайтынын көрсетті. Жүргізілген зерттеулер нәтижелеріне жасалған талдаулар 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру мазмұнының жаңартылуына байланысты 2018 жылдан бастап педагогтарды аттестаттау нәтижелері негізінде берілетін біліктілік санаттарына қойылатын талаптардың күшеюіне байланысты 2017 жылмен салыстырғанда 2018-2019 жылдар аралығында педагогтар саны күрт артқаны байқалады.



1.-сурет. 2017-2021 жылдар аралығында аттестаттаудан өткен Талдықорған қаласының жалпы орта білім беретін мектептері педагогтарына берілген біліктілік санаттарының сандық көрсеткіштері

Осыған орай 2017-2021 жылдардағы аттестаттаудан өткен педагогтардың үлесіне жасалған талдауларға сәйкес педагогтар саны артып, зерттеуші және шебер мұғалімдер саны күрт кеміген. 2018 жылы Талдықорған қаласындағы 2270 мұғалімнің небары 4 (0,17%) ғана шебер - педагог санатын алса, ол көрсеткіш 2021 жылы 14(0,56%) дейін артқан.

Бұдан біз Қазақстан ауқымында тараған, Республикалық және халықаралық деңгейде жоғары жетістіктері бар шебер педагогтар санын арттыруға мүмкіндік беретін авторлық бағдарламалар құрудың тиімді тәсілдерін терең меңгертуге баса назар аудару қажет деген ой қорытындыларын шығардық.

Алматы облыстық білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімінің білім беруді дамыту оқу–әдістемелік орталығының мәліметтеріне сәйкес қаладағы 27 мектепте мектеп ішінде педагогтардың білімі мен кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру 9 бағыт бойынша жүзеге асырылатынын, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттырып, заманауи белсенді оқыту технологияларын қолдану негізінде білім сапасын көтеруге баса назар аударылатынын көрсетті.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының үздіксіз білім берудің неғұрлым икемді және қарқынды дамып келе жатқан кіші жүйесі болып табылады.

Педагогтардың біліктілігін арттыру деңгейінде төменде басты міндеттерді шешуді көздейді:

- заманауи педагогикалық технологиялар мен озық әдістемелерді енгізу арқылы педагогикалық шеберлікті жетілдіру;

- ғылыми және тәжірибелік қызмет жетістіктерін ескеріп, барлық педагогтардың кәсіби шеберлігін қолдау және жетілдіру, кәсіби қызметке жеке қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;

басқару және педагог кадрларды даярлаудың және арттырудың жаңа технологиялары мен прогрессивті нысандарын оқыту үрдісінде сынақтан өткізу;

педагогтардың жеке шығармашылық ниеттерін толыққанды жүзеге асыру үшін ғылыми және әдістемелік қолдау көрсету және т. б.

жаңа мазмұнды және инновациялық педагогикалық технологияларды ғылыми жобалау және білім беру ұйымдарының эксперименттік қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсібилігін жетілдіру мен дамыту сатыларын талдай келе біліктілікті арттырудың мақсаты-педагогтың білімді білім берудің өзекті мәселелері мен міндеттерін шешу құралы ретінде пайдалануы. Сондықтан, бұл жүйенің негізгі функциясы жаңа педагогикалық білім мен технологияларды қолданып қана қоймай, оларды дамыта алатын педагог тұлғасының әлеуметтік-мәдени және зияткерлік әлеуетін дамыту болып табылады. Яғни, жаңа формацияның мұғалімі-бұл белгілі бір күрделілік деңгейінің мәселелерін шеше алатын ғана емес, сонымен бірге ойлау мен іс-әрекеттің даму тенденцияларын көре және түсіне алатын, содан кейін осы тенденциялар аясында өзінің кәсіби қызметіне рефлексивті өзгерістер енгізе алатын педагог.

Бұл біліктілікті арттыру жүйесінің ерекшелігі - ол екі саланың қиылысында орналасқан: дамып келе жатқан педагогикалық және басқарушылық қызмет және білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ететін әлеуметтік жүйелердің даму заңдылықтарын зерттейтін және белгілейтін ғылымдар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бұзаубақова К. Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері / педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы 2009ж.

2. Грановская Р. М., Кражанская Ю. С. Творчество и преодоление стереотипов. СПб: OMS, 1994.

3. Климов Е. А. Психолого-педагогические проблемы профессиональной консультации. - М.: Просвещение, 1983. - 154 с.

4. Рамазанов, М. К. Сущность и условия профессионального становления педагога / М. К. Рамазанов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 21 (80). — С. 679-682.

5. Педагогтарға біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы.

6. Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломного образования // Молодой ученый. - 2011.- №3

7. С.К.Исламғұлова. Оқу үрдісін технологияландыруға жаңаша көзқарастар. А, 2010